

*Ж.Қ. Мадалиева **

*философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

РӘСІМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ: КЕЙБІР ПАЙЫМДАУЛАР

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік іс-әрекет ретіндегі рәсімнің мәні мен маңызы жан-жақты қарастырылады. Бұл феноменнің табиғатын зерттеу, ең алдымен, «рәсім» ұғымын және онымен байланысты құбылыстарды анықтайтын әртүрлі тәсілдемелерді талдауды қажет етеді. Осыған орай, автор «рәсім» ұғымына берілген дифиницияларды сараптай отырып, «рәсім» дегеніміз рәміздік мәнге ие нақты іс-әрекеттердің жиынтығы деген қорытынды жасайды. Рәсімнің рәміздік табиғатын оның құдіретті, сакралды әлеммен байланыстырушы рөлінен байқауға болады. Мақалада дәстүрлі қоғам адамының санасында сакралды әлемнің нақты әлемде көрініс табуы рәсім арқылы жүзеге асатыны атап өтілген. Сонымен қатар, мәдениеттің архаикалық формасы бола отырып, рәсім ұжымдық өмірді реттеуші және сақтаушы құрал болып табылады. Рәсім адамзат қауымдастығын біріктіруші, оның тұтастығын, тұрақтылығын қамтамасыз етуші. Сондықтан, мақалада рәсімнің қоғам өмірінде және жеке адам өмірінде атқаратын әлеуметтік функцияларына да көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: рәсім, рәміз, адам, әлеумет, ұжым, дәстүрлі қоғам, сакралды әлем, миф, іс-әрекет.

*Мадалиева Ж.Қ. **

*кандидат философских наук, ассоциированный профессор
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

СОЦИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РИТУАЛА: НЕКОТОРЫЕ РАЗМЫШЛЕНИЯ

Аннотация

В статье подробно рассматриваются суть и значение ритуала как социального действия. Изучение природы данного феномена предполагает, в первую очередь, исследования различных подходов к определению понятия «ритуал» и связанных с ним явлений. Анализируя существующие дифиниции, автор приходит к выводу, что «ритуал» – это определенный набор действия, имеющее символическое значение. Символичность ритуала проявляется в его связующей роли с миром священного, сакрального. В статье подчеркивается, что в сознании человека традиционного общества сакральный мир присутствует в реальном мире через ритуал. Являясь архаической формой культуры, ритуал также был способом регулирования и поддержания коллективной жизни. Ритуал служил средством интеграции и поддержания целостности человеческого сообщества, придания ему стабильности. Поэтому, в статье уделяется внимание социальным функциям ритуала как в общественной, так и в индивидуальной жизни.

Ключевые слова: ритуал, символ, человек, социум, коллектив, традиционное общество, сакральный мир, миф, действие.

*Madaliyeva Zh.K. **

*candidate of philosophical sciences, associate professor
Abai kazakh national pedagogical university
Almaty, Kazakhstan*

SOCIOLOGICAL PROBLEMS OF RITUAL: SOME REFLECTIONS

Abstract

The article discusses in detail the essence and meaning of ritual as a social action. The study of the nature of this phenomenon involves, first of all, the study of various approaches to the definition of the concept of "ritual" and related phenomena. Analyzing the existing definitions, the author comes to the conclusion that "ritual" is a

certain set of actions that have symbolic meaning. The symbolism of the ritual is manifested in its connecting role with the world of the sacred, sacred. The article emphasizes that in the consciousness of a person in a traditional society, the sacred world is present in the real world through ritual. As an archaic form of culture, ritual was also a way of regulating and maintaining collective life. The ritual served as a means of integrating and maintaining the integrity of the human community, giving it stability. Therefore, the article focuses on the social functions of the ritual in both public and individual life.

Keywords: ritual, symbol, person, society, collective, traditional society, sacred world, myth, action.

Кіріспе. Қазіргі немесе дәстүрлі мәдениеттегі рәсімнің орны мен рөлі мәселесі қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Рәсімнің мәні мен мазмұнын түсінуге, оның әлеуметтік маңызын айқындауға деген талпыныс көбінесе өткенге көңіл бөлумен, халықтың мәдени мұрасын зерделеумен байланысты. Осындай ізденістер барысында мәдениеттің кейбір архаикалық формалары қазіргі заман адамының өмірінде бұрынғыдай маңызды орын алатынын, халықтың, ұлттың өзіндік келбетін сақтап қалуға, дамытуға ықпал ететінін байқауға болады. Солардың қатарында ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын, оның өзіндік ерекшелігін айқындайтын феномендердің бірі ретінде рәсімді қарастырады.

Әдістеме. Зерттеуде рәсімнің мәні мен мазмұнын анықтау мақсатында әлеуметтік антропология ауқымында қалыптасқан тұжырымдамаларға, әртүрлі көзқарастарға салыстырмалы талдау жасалады. Рәсім категориясын айқындау барысында нақты құбылысты барынша толық, жан-жақты қарастыруға бағытталған феноменологиялық зерттеу әдісі қолданылады. Сондай-ақ, құрылымдық-функционалдық талдау әдісіне де мән беріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Рәсімді өзіндік феномен ретінде қарастыру «рәсім» ұғымын және онымен байланысты категорияларды анықтаудан, түсінуден басталады. Жалпы алғанда рәсім дегеніміз қазір және осы сәтте бар болатын, күнделікті өмір адамын трансцендетті әлеммен байланыстыратын мәңгілік болмыстың бір бөлігі деуге болады. Сонымен қатар, рәсім адамды әлеуметтік жүйемен, құндылықтармен байланыс-тыратын рәміздік іс-әрекеттің формасы болып табылады. Ол жазбаша мәдениетке дейінгі ұжымдық жадының ақпаратты тіркеу, сақтау және жөндеу үшін арнайы қолданылатын механизмі ретінде пайда болған. А.А. Артемьеваның пікірі бойынша: «Рәсім- «ритуал» сөзінің өзі санскрит тілінен келген. Ол қозғалыстың бастауы, қозғалыс дегенді білдіреді. «Рита» етістігінен туындаған сын есім түрінде ол сәйкес, лайықты, жарамды, дұрыс, әділ деген мағынада қолданылады. Ал зат есім ретінде - заң (әлемнің айналмалы қозғалысы), реттілік, ақиқат, қасиетті ғұрып, жоралғы және құрбандық шалу дегенді білдіреді. Бұл сөз алғаш рет құдайларға арналған ежелгі үнді әнұраны - «Ригведа»-да кездеседі» [1, с.74]. Бұл жерде рәсімнің заң, реттілік мағынасында қолданылуы оның алғашқы қауымдық құрылыс адамының өміріндегі маңызын көрсетеді. Алғашқы адам өзін қоршаған қауіпті, түсініксіз, не күтіп тұрғаны белгісіз әлемді қандай да бір түрде реттеу, бейберекетсіздіктен шығу үшін рәсімді қалыптастырған, қолданған.

Алғашқы қауымдық құрылыс адамы өзін қоршаған әлемде бір реттіліктің барын айқын білген. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің айналып келуі, олармен байланысты еңбек үдерісінің де бір ретпен жүзеге асуы, тіпті адам ағзасындағы өзгерістің өзі де ырғақты түрде жүзеге асатын бір реттіліктің бар екенін көрсетеді. Қоршаған ортадағы үдерістерге тән ырғақты реттілік қандай да бір тәртіптің бар екендігі туралы тұжырым жасауға негіз болады. Ежелгі адам табиғат құбылыстарының қайталануында көрініс табатын, әлемнің негізінде тұрған осы бір реттілікті, тәртіпті рәсім түрінде нақтылаған, түсінген. Оның дүниетанымы дербес, өзіндік құбылыс ретінде емес, қандай да бір алғашқы іс-әрекетті қалпына келтіру, қайталау арқылы қалыптасқан. М.Элиаде атап өткендей: ««Алғашқы», архаикалық адам өзінің саналы жүріс-тұрысында бұрын адам емес басқа біреу жасамаған және басынан өткізбеген іс-әрекетті білмейді. Оның жасайтыны, бұрын жасалған. Оның өмірі – басқалар ашқан іс-әрекетті үздіксіз қайталау» [2, с. 33]. Осы қайталау негізінде қалыптасқан құбылыс – рәсім.

XIX ғасырдың аяғында рәсімді және оған қатысты мәселелер кешенін ғылыми тұрғыда зерттеуге көңіл бөліне бастайды. Осы үдерістің бастауында тұрғандардың бірі – шотландтық Інжілді зерттеуші, теолог, шығыстанушы, мифолог Уильям Робертсон-Смит. Оның пайымдауынша, дін бастапқыда әлемді түсіндіру үшін емес, құдай мен адамдардың қарым-қатынас жасауы үшін қажет болған. Алғашқы діни наным-сенімдерде, ежелгі діндерде сенімнің орнын миф басқан. Қазіргі кездегі діндерде сенім қандай да бір рәсімдерді орындауды қажет деп таныса, ежелгі діндерде миф рәсімнің мәнін, орындалуын түсіндірген. Ол өз зерттеуінің барысында төмендегідей қорытындылар жасаған:

1) кезкелген дін сенім жүйесінен (*beliefs*) және рәсімдік тәжірибеден (*rites*) тұрады;

- 2) ежелгі діндерде догматикадан (діни ілімнен) бұрын әрекет болады және ол мифпен байланысты;
- 3) алғашқы рәсімдік тәжірибе мифтің мазмұнын анықтайды;
- 4) рәсімнің құпиясын ашу үшін мифке және наным-сенімдерге көңіл аудару керек емес, қоғамның нақты өмірін зерттеу қажет.

Француз әлеуметтанушысы, «Діни өмірдің қарапайым формалары» атты еңбектің авторы Э. Дюркгейм рәсімді «адамның қасиетті объектілермен қатынаста өзін қалай ұстау керек екендігін айқындайтын жүріс-тұрыс ережелері» деп анықтайды. Э.Дюркгейм рәсімді тыйым салынған объектілермен байланыстарын негативті, ал құрбандық шалу, ата-баба аруағына табыну, күнәсін өтеу секілді іс-әрекеттерді позитивті деп бөлген, яғни рәсімдерді жіктеген. Ол рәсімнің әлеуметтік қызметі ұжымдық сезімді күшейту, әлеуметтік бірлікті қолдау деп санады.

Британдық этнолог, антрополог А. Р. Радклифф-Браун рәсімнің бастауларын адамның табиғатпен қарым-қатынасын реттейтін өндірістік іс-әрекетінен, сондай-ақ қауым ішіндегі адамдардың қарым-қатынасын анықтайтын әлеуметтік құрылымнан іздестірді. Ол тайпаның өндірістік іс-әрекетінде маңызды, басты орын алатын табиғат элементтерімен тайпа мүшелерінің арасында рәсімдік қарым-қатынас қалыптасатынын айқындаған. Ерекше құнды жан-жануарлар немесе өсімдіктер рәсім ауқымында ата-бабалар немесе мәдени кейіпкер ретінде қабылданады деп тұжырымдаған [3].

Рәсімнің мәні мен маңызын айқындауға американдық әлеуметтанушы, антрополог У.Уорнер де өз үлесін қосқан. Ол өзінің әлеуметтік антропология саласындағы еңбектерінде сакралдық және секулярлық рәсімдер ұғымдарын қолданады. Сакралдық рәсімдер оған қатысушы тұлғаларды күдіретті күшпен, аруақтармен және құдайды, қасиетті рухтарды бейнелейтін сыртқы рәміздермен байланыстырады. Секулярлық рәсім күнделікті заттардың құндылығын рәміздік формаға айналдырады. У.Уорнер қазіргі адамдардың рәміздік тәлім-тәртібін төмендегі формаларға бөледі:

- 1) сакралдық рәсім;
- 2) сакралдық және секулярлық элементтерден тұратын рәсім;
- 3) өз қауымдастығын үлкен әлемге кіріктіру мақсатында жүзеге асырылатын басқа елге, шетелдік қауымдастыққа бағдарланған секулярлық рәсім;
- 4) қауымдастықты біріктіру функциясын жүзеге асыратын, қауымдастықтың өзіне бағытталған секулярлық рәсім [4].

Сондай-ақ, бірқатар этнографиялық жұмыстарда «рәсім» ұғымының синонимі ретінде «әдет-ғұрып» термині қарастырылады. Әдет-ғұрып – белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжылмас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы. Әдет-ғұрыпты адамдар өз арасындағы қарым-қатынастардың негізгі реттеушісі ретінде қалыптастырады. Ол, көбінесе, жеке тұлғаларды белгілі бір әлеуметтік және мәдени тағлымдарға үйретіп, оны ұрпақтан ұрпаққа таратуға жәрдемдеседі. Әдет-ғұрып жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың мінез-құлқын тәртіпке келтіріп қана қоймай, қауымішілік тұтастық пен ұлттық мүдделікті нығайтуға септігін тигізеді. Бұдан әдет-ғұрып ұғымының ауқымды, кең мағыналы екенін көруге болады. Ал рәсім нақты іс-әрекет. Этнограф, мәдениеттанушылардың түсінігі бойынша, рәсім – нақты анықталған, мақсатты іс-әрекет. Оны орындау арқылы қоршаған ортаға, адам болмысына ықпал етуге болады.

Рәсім - жеке немесе ұжымдық нақты іс-әрекет. Рәсім арқылы адам өзінің табиғатпен, жалпы әлеммен тығыз байланысын сезінеді. Дәстүрлі қоғамда, әсіресе алғашқы қауымдық құрылыста, қалыптасқан рәсімдердің басым бөлігі адамға өзінің табиғатпен, өз ортасымен, әлеуметпен шынайы байланысын сезінуге мүмкіндік берген. Ол әлеуметтік қатынастардың, әсіресе туысқандық және некелік-отбасылық қатынастардың тұрақты болуының, адам мен ұжымның амандығының кепілі болып табылады.

Ұжым мүшелеріне қатысты рәсім олардың әлеуметтік өмірінің маңызды сәті ретінде көрініс табады. Рәсім арқылы рәміздік, бейнелі формада маңызды идеялар, нормалар мен құндылықтар жарияланады және бірлескен іс-әрекет түрінде түсініледі, қабылданады. Рәсімдік іс-әрекетте көрініс табатын идея, құндылық түсінікті болуы, қабылданылуы үшін ұжым мүшелері осы іс-әрекетті тікелей жүзеге асырушылар болуы қажет.

Ұжымның өмірі мен амандығы рәсімді орындауға байланысты. Рәсімді орындау арқылы ұжым қайталау түрінде өткенді қалпына келтіреді, оны «осы жерде және қазір» шынайы етеді, яғни уақыт көшінде ұжымның өмірін сақтауға, жалғастыруға қатысты өз көңіл-күйлерін орнықтырады. Ал рәсімдік іс-әрекетке көңіл бөлмеу әлеуметтік қауымдастықтың ыдырауына әкелуі мүмкін. Сондықтан, Ш.Эйзенштадтың пікірінше: «рәсімдік іс-әрекеттің арқасында адам әлеуметтік жағымды жағдайда, қолайлы ортада болғандай болады: жағдайдың өзгермейтіне, өзінің мәртебесі мүлтіксіз сақталатынына минут сайын көзі жетеді. Рәсімдік жүріс-тұрыс – әлеуметтік құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ету

әдісі. Рәсімдік жүріс-тұрыс формасын іске асырушы әрбір адам сол арқылы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге байланысты іс-әрекетті жүзеге асырады» [5, с. 70-72].

Рәсім ұжымның рәміздік сипаттағы нақты іс-әрекеті болып табылады. Ол көбінесе адам өмірінің сакралды (киелі, қасиетті, құпия) бөлігімен байланысты. Дәстүрлі мәдениетте сакралды әлем әрдайым қоғамның ұжымдық өмірімен байланысты болады. Ұжым қолдаған, рұхсат еткен құбылыстар қасиетті болып табылады. Күнделікті өмірмен, үйреншікті тұрмыспен, ұжымдық еңбекпен байланысты іс-әрекет пен құбылыстар рәсім жүйесі арқылы дәстүрлі қоғам адамы үшін маңызды болып саналатын сакралды құндылықтар қатарына жата алады. Сакралды әлеммен байланыса отырып, рәміздік іс-әрекетті жүзеге асыру арқылы дәстүрлі қоғам адамы жалпы әлеммен қарым-қатынас орнатады, күнделікті өмір ауқымынан шығып, әлемнің тылым құпиясы болып табылатын құдіретті, қасиетті тәжірибеге қатысты болады. К.Гирцтың ойынша, іс жүзінде рәсімде: «ортақ рәміздік формалар кешені арқылы қорытылған, біте қайнасқан шынайы әлем мен қиялдан туған әлем бір әлем болып шығады, нәтижесінде шынайылық сезімінің түрленуі жүзеге асады» [6, с. 131].

Осы тұрғыда рәсім дінмен, діни іс-әрекетпен байланыстырылады. Тіпті рәсімге «қандай да бір діни іс-әрекетті жүзеге асыру барысында орындалатын ғұрыптық амалдардың бекітілген орындалу тәртібі мен жиынтығы» деген анықтама беріледі [7, с. 58]. Мысалы, барлық дерлік діндерде кездесетін бірігіп құлшылық ету әдетін қарастырайық. Құлшылықтардың көпшілігінің топтасып, бірігіп жасалуы дінде қоғамға қаншалықты мән берілетіндігін көрсетеді. Құлшылық сәті – адамдардың біріне-бірі ең жақындасатын кезі. Сондықтан діни рәсімдер қоғам мүшелерінің бірлігін нығайтады, олардың етене араласуына септігін тигізеді, яғни біріктіру, ұжымға қатысты болу қызметін жүзеге асырады.

Сонымен қатар, кез келген рәсімде кездесетін басты тақырып – адамдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесінің орнығуына негіз болған әлемнің пайда болуы. Ежелгі рәсімдер әлемнің пайда болуы туралы мифтермен, аңыздармен тығыз байланысты. Рәсімді орындау барысында адамдар мифте баяндалғандай, жаратылыстың бастапқы кезеңінде құдіретті күштер, құдайлар жасаған іс-әрекетті қайталауы керек. Рәсім барысында адам қандай да бір құдіретті күштер оның іс-әрекетін сырттай бақылауда деп түсінеді. Олар тек бақылап қана қоймай, рәсімнің орындалуына барынша ықпал етуге, қатысуға тырысады деп ойлайды. Алғашқы кезде табиғат құбылыстарына тән ырғақты өзгеріс рәсімнің негізін құрады, ал рәсімнің өзі адамзат баласының іс-әрекетін ғарыштың, жалпы әлемнің ырғағына үйлестіру үшін қажет еді. Бастапқыда хаос, ретсіздік ретінде қарастырылған әлемді миф пен рәсім арқылы белгілі бір тәртіпке келтіру, жүйелеу мүмкін болды. Миф пен рәсім адамды қоршаған ортаны түсінудің, оған ықпал етудің құралына айналды. Өзін қоршаған әлемге қандай да бір реттілік беру арқылы адам тек сыртқы кеңістікті ғана емес, өзінің ішкі дүниесін де реттілік ретінде қарастыра алатын болды. Рәсім адамға тылсым дүниенің сырын ұғынуға, өзін табиғаттың, әлемнің бір бөлігі ретінде қабылдауға мүмкіндік берді. Нақты іс-әрекеттерді жүзеге асыру арқылы табиғатқа ықпал етуге, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады деп түсінілді. Реттілік түрінде көрініс тапқан әлемнің басқарылуы мүмкін болса, адамзаттың өмірін де бір тәртіпке бағындыруға болады. Бұндай тұжырым адамның өзінің бүгінгі мен ертеңіне сенімді болуының, оның «ұжымдық жанмен» байланысын сезінуіне, адамды, әлемді, тылсым дүниені біртұтас деп қабылдауының негізін құрайды. Сондықтан рәсім ұжым шеңберінде бірқатар маңызды функцияларды жүзеге асырады деген қорытынды жасауға болады.

Алғашқылардың бірі болып рәсімге қатысты функциялар тізімін ұсынған американдық зерттеуші Джозеф Кэмпбелл. Ол рәсімнің негізгі төрт функциясын қарастырады:

- 1) адам бойында қорқыныш сезімінің оянуына, табынуына ықпал ететін метафизикалық немесе мистикалық;
- 2) ғарыштың (тіршілік ету ортасының) қайшылықты емес бейнесін қалыптастыратын космологиялық;
- 3) тұлғаларды әлеумет түрінде біріктіретін және оны қоғайтын әлеуметтанулық;
- 4) тұлғаның индивидуалды дамуына ықпал ететін психологиялық функция [8, с. 221].

Кейінгі зерттеушілер рәсімнің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты қарастыра отырып, рәсімге тән басқа функцияларға да мән берген болатын. Атап айтқанда ресейлік зерттеуші Е.А.Лисина рәсімді әлеуметтік іс-әрекет ретінде қарастыра отырып, жалпы саны он екі болатын функциялар тізімін ұсынады. Алайда солардың ішінде рәсімнің ең маңызды және әмбебап функциялары – үйлестіру (гармонизация) және түрлендіру (трансформация) деп атап өтеді [8].

Дегенімен, рәсімнің ұжымдық іс-әрекет екенін ескерсек, оның негізінен төмендегі басты үш функцияны атқаратынын көруге болады:

- ұжым мүшесінің әлеуметтенуі, яғни оның бойында ұжымдық өмірге қажетті сапаларды қалыптастыруы;
- біріктіру (интегративтік), яғни рәсім арқылы адам қандай да бір ұжымға қатысты болады, ұжым өзін біртұтас құрылым ретінде қалыптастырады;
- қайта жаңғырту, яғни ұжымдық өмірдің негізін құрайтын дәстүрлер, нормалар мен құндылықтарды жаңартып отырады.

Әлеуметтік функциямен қатар рәсім маңызды психологиялық функция атқарады. Ол адамның әлеуметтік болмысының психологиялық жағынан жайлы болуына жағдай жасайды. Ұжымда дағдарысты жағдай туындаған кезде рәсімнің маңызы арта түседі, ол сол дағдарыстан шығудың жолын көрсетеді.

Қорытынды. Сонымен, рәсім – ұжымда қабылданған дәстүр орындауды қажет деп танытын, рәміздік құндылыққа ие іс-әрекеттер жиынтығы. Іс-әрекеттер реті ұжым үшін құнды болып табылады, ұжымдық өмірдің тұрақтылығын қаматтасыз етеді. Ол адамға әрбір істеген амал-әрекеті туралы ойланбауға мүмкіндік береді, оның әлеуметтік тәлім-тәртібін жеңілдетуге жағдай жасайды. Адамның әлеуметтік ортадағы тәлім-тәртібін жеңілдете отырып, рәсім оны бір үлгіге келтіреді, сол арқылы қоғамның үйреншікті, қалыпты болмысын сақтайды, тұрақтандырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Артемьева А.А. К вопросу о ритуале: этимология и понятие термина // Вестник Московского университета МВД России. Юридические науки. – 2010. – № 7. –74-77 с.
2. Элиаде М. Космос и история. – М.: Прогресс, 1987. –312 с.
3. Структура и функция в примитивном обществе. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001. – 304 с.
4. Уорнер У. Живые и мертвые. – М.; СПб., 2000. – 665 с.
5. Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ: сравнительное изучение цивилизаций / пер. с англ. А. В. Гордона; под ред. Б. С. Ерасова. М.: Аспект Пресс, 1999. – 416 с.
6. Гирц К. Интерпретация культур / пер. с англ. – М.: РОССПЭН, 2004. – 560 с.
7. Нечипуренко В. Н. Ритуал (опыт социально-философского анализа). – Ростов-н/Д: Изд-во Ростов. ун-та, 2002. –292 с.
8. Лисина Е.А. Ритуал как путь изменения, сохранения, стабилизации: внеисторическое, доисторическое и историческое время // Контекст и рефлексия: философия о мире и человеке. – 2016. – Т. 5. – № 6А. - 220-226 с.

References:

1. Artemyeva A.A. On the question of ritual: etiology and concept of the term // Bulletin of the Moscow University of the Ministry of Internal Affairs of Russia. Legal sciences. – 2010. – No. 7. –74–77 p.
2. Eliade M. Space and history. – М.: Progress, 1987. – 312 p.
3. Structure and function in a primitive society. –М.: Publishing company "Eastern Literature" RAS, 2001. – 304 p.
4. Warner W. The Living and the Dead. – М.; SPb., 2000. –665 p.
5. Eisenstadt S. Revolution and transformation of societies: a comparative study of civilizations / per. from English A. V. Gordon; ed. B.S.Erasova. М.: Aspect Press, 1999. – 416 p.
6. Geertz K. Interpretation of cultures / trans. from English. – М.: ROSSPEN, 2004.-560 p.
7. Nechipurenko V. N. Ritual (experience of socio-philosophical analysis). - Rostov-n / D: Publishing house Rostov. University, 2002. –292 p.
8. Lisina E.A. Ritual as a way of change, preservation, stabilization: extrahistoric, prehistoric and historical time // Context and reflection: philosophy about the world and man. – 2016. – Т. 5. – No. 6А. –220–226 p.